

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 қаңтардағы N 37 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 20 қаңтардағы
N 37 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігінің жоғары және орта арнаулы оқу орындарының мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 8 мамырдағы N 814 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 18, 167-құжат) 6-тармағы.

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 8 мамырдағы N 814 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 11 тамыздағы N 1250 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 37, 551-құжат) алтыншы - он екінші абзацтары.

3. "Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі жүйесінің ұйымдарын басқаруды жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 24 наурыздағы N 256 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 9, 64-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 3-тармағы.